

2003 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылатын лизингтік негізде ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз етуге кредит берудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N 1280 қаулысы

"Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есеп беру нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Агроөнеркәсіп кешеніне кредит берудің және оны субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысына сәйкес 2003 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген 500 000 000 (бес жүз миллион) теңге сомасындағы қаражат есебінен жүзеге асырылатын лизингтік негізде ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз етуге кредит беру үшін "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамы қарыз беруші банк болып белгіленсін.

2. "2003 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылатын лизингтік негізде ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз етуге кредит беру үшін қарыз беруші банкті белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 9 маусымдағы N 545 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

1-тармақтағы "бюджетте көзделген" деген сөздерден кейін "3 276 811 000 (үш миллиард екі жүз жетпіс алты миллион сегіз жүз он бір мың) теңге сомасындағы" деген сөздермен толықтырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) осы қаулыны іске асыру үшін тиісті шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі